

ҚҰРБАН АЙТ ҚАБЫЛ БОЛСЫН, ЖАМАҒАТ!

№ 37 (7729)
09.09.2016
ЖҰМА

Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі (А.Байтұрсынов)

Аманкелді райы

Аудандық анталық газет
e-mail: amangeldy-arai@mail.ru



А.Иманов

«Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы мәселе қарады

СЕЛОНЫ АБАТТАНДЫРУ МЕН КӨРКЕЙТУ ЖӘНЕ КӨГАЛДАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖАҚСАРТУ — УАҚЫТ ТАЛАБЫ

2016 жылдың 5 қыркүйегі күні сағат 15.00-де «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалында осы тақырыпта Аманкелді селолық округінің әкімі М.С.Дихамбаев баяндама жасады. Әкім селоны абаттандыру мен көркейту және көгалдандыру барысында көптеген жұмыстар жүргізілгенін айтты. Сонымен қатар, аула, көше, село тазалығын сақтамау, жекенің малдарын бақтау, оларды көшеге бос жіберу немесе өсіп тұрған ағаштарды, ғимараттарды бұлдіру секілді теріс әдеттердің де кездесіп отырғанын ортаға салды.

Ауылдық округ әкімі «Біздің үй» бағдарламасы - елді мекендерді көркейтуге арналғанын еске сала келіп, кеше – 4 қыркүйек күні село тұрғындары Бағлан Нұржанұлы Тілеужанов, Жанар Қайыржанқызы Баймұханова, Мейрамбек Бектасбаев, Нұргүл Кәкімжановалардың заң талаптарын орындамай отырғанын атап көрсетті. Оның мәлімдеуінше, Бағлан Тілеужанов - 1987 жылы 1 қаңтарда туған, Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепте мұғалім болып жұмыс істейді. Ал Жанар Баймұханқызы болса - 1969 жылдың 1 қаңтарында дүниеге келген. Ш.Дауылбаева көшесі 7 үйде

тұрады. Жұмыс орны – ТҚКБРММ жетекші маман. Мейрамбек Бектасбаев болса – 1957 жылы туған, С.Мәуленов көшесіндегі 22/1 үйде тұрады. Кәкімжанова Нұргүл – 1974 жылы туған. Аудандық білім беру бөлімінде әдіскер болып қызмет істейді, Мәуленов көшесі 21/1 үйде тұрады.

Осылардың М.Бектасбаевтан басқасы қызмет істейді.

Алайда, бұлар жоғарыда айтылған №242 заңның 505 бабын орындамай отыр. Көшеге бұзауларын бос қоя береді. Айтқан ескертпелерді тыңдамайды. Оларға да бірнеше ескертулер берілген.

Бос жүрген мал - көшелердегі ғимараттарға, түрлі тақталарға, қоршауларға әр алуан сәулет нысандарына сүйкенип, бұлдіреді, құлатады немесе зақымдайды. Аталған заңның 505 бабында бұл жөнінде тиісті талап қойылған.

Селомызды сәнді ұстау – баршамыздың міндетіміз. Алайда, қыруар қаржыға жасалған қоғамдық құндылықтарды бұлдіру, зақымдау, өсіп тұрған ағаштарды қиратып, сындыру селомызда тиыла қойған жоқ.

Көктем шыққаннан бері қарай тұрғындарға осы мәселелер жөнінде

бірнеше ескертулер жасадық. «Ескертпедіндер» деп ешкім бізге ренжи алмайды. Тұрғындардың жағдайын ойлап, осы уақытқа дейін бірде-бір адамға айыппұл салған жоқпыз. Қазір айыппұлдың көлемі өскен. Ол 42 000 теңгенің үстінде тұрады.

Өкінішке қарай, ескертілген тұрғындар біздің өздерін сыйлағанымызды әлі күнге білер емес. Шыдамның да шегі бар. Мемлекет пен қоғам ешуақытта заңсыздыққа жол бермейді. Егер осы аттарғы аталған адамдар берілген ескертпеден қорығынды шығармаса, айыппұл салатын боламыз.

Негізгі мақсат – айыппұл салу емес, тұрғындарды ымыраға, тәртіпке шақыру. Олар соны сезініп, жіберген кемшіліктерінен қорытынды шығарғандары абзал болар еді. Бір селода тұрғандықтан біріміздің тілегіміз бір болғаны абзал. Алайда, осыны кейбір тұрғындарымыз сезінгілері келмейді. «Айта-айта Алтайды, Жамал апай қартайды» демекші, біз әзірге қартайа қойған жоқпыз. Талапты одан әрі күшейте береміз. Селомызды абаттандыру мен көркейту, көгалдандыру – әр

тұрғынның парызы. Олар осыны терең сезінулері керек. Бұл үшін біздің әрқайсымыз аудан халқы алдындағы жауапкершілігімізді түсінуіміз шарт! - деді М.Дихамбаев.

Мұнан соң село тұрғыны, еңбек ардагері Қ.Бейсембаев ақсақал сөз сөйлеп, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының қабылдауында орынды мәселе көтере келгенін айта келіп, өзінің бірқатар ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.

- Заң - баршаға ортақ! Оны бұрмалауға, жеке бастың пайдасына пайдалануға болмайды. Өкінішке қарай, бізде осындай келеңсіздіктер кездесіп қалады... Соның салдарынан тұрғындар мұндай кемшіліктерге тосқауыл болмағанын көрген соң заң бұзушылыққа барады. Ескерту жасасаң «заң қызметкерлеріне неге айтпайсындар?» дейді. Сондықтан заң қызметкерлері - тәртіпті алдымен өздері қатаң сақтаулары керек. Олар заңдылықты өздері бас болып бұзса, былайғы тұрғындар да соған әдейі баруы мүмкін. Село округінің әкімі М.Дихамбаев орынды мәселе көтеріп отыр. Оның таяу жылдарда құл-қоқыс төгетін орынды селодан алыстау жерге көшіреміз де-



ген ұсынысы орынды. Бірақ, соны қалай ұйымдастыру керектігі туралы өзіміздің пікірімізді білдіргіміз келеді. Егер оларды жал-жал қылып қойса, құм басып, тегістеліп кетер еді, - деді ол.

М.Дихамбаев ақсақалдың ұсынысы негізінен дұрыс болғанымен, құл-қоқысты жал-жал қылып тастау ыңғайсыз екенін айтты. Құл-қоқысты төгуді шешетіндіктерін мәлімдеді.

Партия филиалындағы талқылауды оның төрағасының орынбасары, аудандық мәслихаттың депутаты А.Қ.Ташимов қорытындылады.

Ол өз сөзінде селоны абаттандыру мен көркейтуге, көгалдандыруға және тазалықты сақтауға боскерсен қарап жүрген бірқатар тұрғындардың қабылдауға келмегенін атап көрсетіп, оларды қайтадан шақырып, мәселені түбегейлі талқылайтындықтарын мәлімдеді.

Филиал мәжілісі партия мүшесі, село әкімі М.Дихамбаевқа абаттандыру мен көркейту және тазалық жұмысын пәрменді жүргізуді ұсынды.

Төрт түлік малыңызға ие болыңыз, ағайын!

КӨШЕГЕ МАЛДАРЫН БОС ЖІБЕРІП, ТАЗАЛЫҚТЫ САҚТАМАЙ ЖҮРГЕНДЕР КІМДЕР?

Аманкелді селолық округінің әкімшілігі төмендегі село тұрғындарына ірі қара малдарын бос жібергендері үшін бірнеше рет ескерту жасады. Алайда, қорытынды шығармай келеді. Заң бойынша, атап айтқанда: Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңының №242 16 бабына сәйкес және Қостанай облыстық мәслихатының 2015 жылғы 14 қазандағы №442 шешімімен бекітілген «Қостанай облысы қалалары мен елді мекендерінің жасыл екпелерін күтіп-ұстау және қорғау, аумақтарын абаттандыру» қағидаларына сәйкес кез-келген ауылдың тұрғыны оны орындауға міндетті.

Алайда, Аманкелді селосының мына төмендегі тұрғындары заң талаптарын сақтамай, айтқан ескертпелерді тыңдамай, селомыздың сәнін, көшелеріміздің көркін кетіріп келеді. Олар :

1. Таңатбаев Айбек
2. Аюпова Ләззат
3. Елеусізова Қымбат
4. Исакова Гүлім
5. Ахметов Төлеухан
6. Нұрғазина Дана
7. Исмағұлов Дархан
8. Дүйсенбекова Гүлмира
9. Бірсейтов Қанат
10. Есмұрзин Қанат
11. Шибұт Край
12. Қойшығұлов Мұхтар
13. Қойшығұлов Таңат
14. Спанов Бекзат
15. Әбенев Мақсат
16. Төленов Сакан
17. Спанов Миллиард
18. Мұханбетжанов Бауыржан
19. Жакупов Нұрым
20. Жармағанбетова Орынбасар
21. Әміров Бекен
22. Сейдин Бәкір
23. Асқаров Бауыржан
24. Қуанышев Атай
25. Әбішев Асылбек

26. Бимықов Қоянбай
27. Білалов Жәнібек
28. Ержанов Мақсұт
29. Базарова Қаншайым
30. Байзирев Медет
31. Нұрғазина Бақыт
32. Серікбаев Қыстаубай
33. Құттығожин Сәрсенбай (Сәкен)
34. Әдіманов Бауыржан
35. Бейсенбаев Қабдысалық
36. Нұрмағанбетов Жомарт
37. Серікұлы Асылхан
38. Сұлтанов Кәкімжан
39. Рахметшина Күнжамал
40. Құрманова Жазира
41. Сейдин Серік
42. Шайкенов Жаңабай

Осы аталғандардың алғашқы 9-ы - А.Байтұрсынов көшесінің; Қанат Есмұрзин мен Край Шибұт - С.Мәуленов көшесінің тұрғындары.

13 нөмірдегі Таңаттан бастап Оспанов Миллиардқа дейін тағы да - Байтұрсынов көшесінің тұрғындары.

Оспанов Миллиард пен Мұханбетжанов Бауыржан, Жакупов Нұрым - Байдаулетов көшесінің тұрғындары; 20 нөмірдегі О.Жармағанбетовадан бастап ең соңғы Шайкенов Жаңабайға дейін М.Мәметова көшесінің тұрғындары.

Осы тізімде ауданымызда жауапты қызмет атқаратын бірқатар азаматтардың кездескені өкінішті-ақ. Олар да республикалық Заңның №242 16 бабы негізінде келеңсіздікке жол беріп отыр. Әсіресе, жергілікті полиция бөлімі басшысының орынбасары Шайкенов Жаңабайдың заңды өзі бас болып орындамауы ұят.

Әдетте, адамдар алдымен басшыларға қарайды. Сондықтан басшылар халыққа үлгі болғандары жөн.

Селолық округ әкімдігі тұрғындарды тиісті Зандармен талай рет таныстырды. Мысалы, ҚР әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 505 бабын әкімшілік қызметкерлері осы жоғарыда аттарғы аталған кісілерге та-

ныстырды. Бұл бапта: «Қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандыру қағидаларын бұзу, сондай-ақ қалалар мен елді мекендер инфрақұрылымы объектілерін бұзу, жасыл екпелерін жою және бұлдіру» деп аталатын 505 бапты орындау - Аманкелді селосының да әрбір тұрғынының міндеті. **Осы аталған заң талаптарын бұзған адамдарға 2016 жылдың қыркүйек айының 5-не дейін мерзім бердік.**

1. Егер осы мерзімде жұмыстар орындалмаған жағдайда оларды әкімшілік жауапкершілікке тартамыз. Ескерту жасалған, бірақ оны орындамаған жеке тұлғаларға – 20, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – 30, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 40, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін 1 жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – жеке тұлғаларға – 30, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – 40, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 50, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – 300 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салатын боламыз. Қай заң да болсын - баршаға ортақ! Заңды барлық адам құрметтеуге, сыйлауға міндетті. Біз осы уақытқа дейін жоғарыда аталған заңдарды аудандық газет бетінде көрсетіп, жаздық. Бір емес бірнеше рет газет бетіне шығардық. Алайда, жағдай солай бола тұра, село тұрғындарының одан қорытынды шығармауы қынжылтады. Заңды сыйламау – елді, қоғамды сыйламау. Қоғамдық тәртіпке бағыну – әрбір азаматтың міндеті. Осы уақытқа дейін село тұрғындарының жағдайларына қарап, ешкімнің көңілін жықпай келдік. Енді алдағы уақытта заң шеңберінде айыппұл саламыз. Сондықтан, Аманкелді селосының барша тұрғындары, малдарыңызға ие болыңыздар. Оларды өріске шығарып, бақташының немесе қой кезегін бағушының алдына салып беріп, кешке алдынан шығып, қабылдап алып,

қораларыңызға қамап қойыңыздар! Бетімен жібер-меніздер.

Сол сияқты, село тұрғындары, әр қайсыңыз бұзауларыңызды қораларыңызда ұстап, бағыңыздар. Өткен жексенбі 4 қыркүйек күні бір азамат «бұзауыңды қорана қойып бақ» дегеніме ашуланып, маған өте ауыр сөздер айтты, тіл тигізді. Артынан өзі келіп, кешірім сұрады. Оның сондағы маған қойған кінәсі «Мен бұзауымды қорамда ұстаймын, сен соған шөп түсіріп бер» дейді. Біз ешбір тұрғынға шөп түсіріп беруге міндетті емеспіз. Мал ұстайды екенсіз, оның қысқы, жазғы шөбі мен жемін ерте бастан түсіріп қойыңыз. Малды ұстасаңыз - өзіңіз үшін ұстайсыз! Ешкімге міндетсудің керегі жоқ.

Малыңды бағып ұста, көшенің, селоның көркін, кескін-келбетін, абаттандырылуын бұлдірмесін дегеніміз үшін біраз адамдардан зілді сөз де естідік. Осы дұрыс па?! Мұның бәрі заңның сақталмауынан. Заңды сақтайтын бірқатар мекеме қызметкерлерінің жоғарыдағы тізімде көрінуі - ыңғайсыз.

Менің село әкімі ретінде айтарым: Құрметті аманкелділіктер! Көшеміздің, ауламыздың, селомыздың тазалығын сақтауға жаппай үлес қосайық! **Зандылықты сақтамағандарды 101 телефонына хабарлаңыздар! Олар тіркеледі, сіздердің телефон шалғандарыңыз құпия сақталады.** Төрт түлік малдарыңызды өріске шығарып, өрістен қарсы алыңыздар, көшеге жіберменіздер! Адам қолымен жасалған игілікті істерді, ғимараттарды, ағаштарды т.б. бұлдірмесін, сындырмасын. Алдымызда 100 жылдық және 25 жылдық үлкен тойлар тұр. Жер-жерден қонақтар келеді. Сонда күлкі болып жүрмейік.

Мұрат ДИХАМБАЕВ,
Аманкелді селолық округінің әкімі

АСТЫҚ ҮШІН АЙҚАС ҚЫЗА ТҮСУДЕ



Таяуда бір топ журналист Аманкелді өңірінің астықты округтерінде болып қайттық. Аудан дихандары биылғы жылы алғаш рет 101 474 гектарға дәнді-дақылдар сепкен болатын. Осының 98 374 гектарына бидай егілген еді. Мұнда биылдыққа екі рет келіп, кеткенбіз. Онда егінжай көкпенбек болып, сағыммен бұлдырап жатқан. Ал енді алда сытықсыз сап-сары егінжай, қай жағыңызға қарасаңыз да ұшы-қиырына көз жетпес алтын дала. Осы даламен зулап келеміз.

Ат басын алдымен Тасты ауылдық округіне бұрдық. Мұнда дихандар 12 348 гектар жерге алтын дән сепкен. Олардың егінжайлары бітік өскен астыққа бөгіп тұр екен. Орақ науқаны жаңада басталса да, дихандар 5 200 гектар жердің егінін орып, әр гектардан 9,3 центнерден астық жинапты. Жап-жас кәсіпкер-дихан Бірнар Саматов басқаратын «Табыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі дихандарының қимылдары ширақ. Олар әр гектар жерден 10 центнерден



астық жинауда. Өкінішке қарай, серіктестік директоры Бірнар Әділұлымен кездесе алмадық. Ол көршілес Жарқайың ауданының орталығы Державин қаласына астық өткізуге байланысты келісімшарт жасасуға кетіпті.

Бетіміз - Қарынсалды өңірі! Аудан астығының дені (66512 гектар) осы арада егіліп, жиналады. Мұнда да серіктестік басшысы, «Құрмет» орденінің иегері Бақытжан Нәменұлы Тілеубаевпен жолыға алмадық. Ол да астықты өткізудің қамымен Державин қаласына жүріп кеткен екен. Дәс бергенде бас агрономы Шалабай Молдыбаев алдымыздан шықты.

- Біздің «Нұрай-Н» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі және оған қарайтын қожалықтар бәрін қосқанда 21000 гектар жерге дән сепкен еді. Қазірдің өзінде әр гектар жерден 11-12 центнерден астық жинаудамыз. Техникаларымыз әрі жаңа, әрі кешенді. Науқанға 10 «Джон-Дир» және 5 «Вектор» комбайндарын қатыстырдық. Осы 15 техника күніне 1000-1200 гектар жердің егінін орып, бастырады. Механизаторларымыздың арасында күніне екі норма орындайтын таңдаулы комбайншылар бар. Мысалы: Олег Малькин, Аман Сағидуллин, Сембай Кекенов! Бұлардың үшеуі де өз ісінің асқан шеберлері. Біздің серіктестігімізде жұмыс істегендеріне 10 жылдан асқан. Жылда егін орағы кезінде осы аталған комбайншылар бірінші болып алқапқа орақ салады. Үшеуі де сенімді, берілген тапсырманы уақытында орындайды. Біздің серіктестік бойынша егін жинау бас-аяғы 15 -16 күннің ішінде аяқталады. Биыл да егін



орағын аудан бойынша алғашқылардың бірі болып орындаймыз деген байламдамыз.

Комбайншылар мен жүргізушілерге, қырманшыларға, сондай-ақ мамандарға серіктестікте барлық жағдай жасалған. Былтырғы жылы осы заманғы сәулет өнері жетістіктерімен екі жатақхана салынып, пайдалануға берілді. Екі монша тұрақты жұмыс істейді. Науқанға қатысқан барлық жұмысшы-қызметкерлерге тегін тамақ беріледі. Серіктестігіміздің қой және ірі қара малдары бар. Бақша өнімдері де мол. Шындығын айтсам, жатақханалары жайлы әрі жаңа серіктестіктер Қостанай облысы бойынша біздің шаруашылығымыз ғана десем, артық айтқандық болмас. Біздегідей жатақханалар, моншалар, асханалар өте сирек болар. Аспазшыларымыз Людмила Николаевна Пушкова мен Надежда Георгиевна Темиршайыхова да өз істерінің айтулы шеберлері. Пісірген тамақтары тіл үйреді.

Науқанға қатысушыларға осындай жақсы жағдай жасалғандықтан болар, комбайншы-дихандар мен жүргізушілер жұмысқа жауапкершілікпен қарайды. Күндік нормаларын асыра орындауға күш салады. Қырманда да жұмыс қыза түскен. Сынған техникалар болса, оларды жөндеушілер бригадасы әп-сәтте қалыпқа келтіріп, жұмысқа қосады. Серіктестікте босалқы бөлшектер науқан басталардан бұрын жеткізіліп қойылады.

Шаруашылық бойынша адамдар жұмыс істеуге құлшына кіріседі. Олардың жалақылары да жоғары. Бұл жағынан да біздің серіктестігіміз облыстағы алдыңғы шаруашылықтардың бірі! Еңбек еткен адамдардың еңбегін бағалау, құрметтеу жақсы жолға қойылған. Басшымыз Бақытжан Нәменұлы бізден алдымен жұмысшылардың тұрмыс жағдайын сұрайды. Содан кейін барып, жұмыс барысын біледі. Ұжымымыз сондай тату әрі ұйымшыл. Қай шаруаға да білек сыбанып кірісіп кеткенде оны сәтті орындап шығады.

Серіктестіктің қоймалары да сайлы. Тасылып жеткізілген астықты қырманшылар арнайы техникамен ұшырып, тазалап, қоймаларға кіргізеді. Қазірдің өзінде сапалы тұқым әзірлеп, арнайы қоймаға тасып жатырмыз. Оны таяу күндерде аяқтаймыз! - дейді бас агроном Шалабай Молдыбаев.

Оның «Нұрай-Н» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде бас агроном болып қызмет жасағанына 8 жылдың жүзі болыпты. Шаруашылықтың жайын 5 саусағындай біледі. Дихандардың жұмысын күнделікті жіті бақылап отырады. Сол үшін оған «Уаз» жеңіл машинасы берілген. Комбайншылар қайда болса, Шалабай сонда жүреді.

- Комбайндар егінді сап түзеп орып жөнелгенде қайран қаласың. Оның үстіне біздің өңірде биылғы егіннің шығымдылығы былтырдан да жоғары болып тұр. Біз ғана емес, көршіміз Жандос Нәменовтің, Ғалымжан Шайхиннің, Бауыржан Жаңбыршиннің, Мүбәрәк Шаяхметовтің егістік алқаптарындағы астықтың шығымдылығы көз тартып, көңіл көншітеді. Олар да әр гектар егістік жерден 10-11 центнерден алтын дән алуда. Биылғы жылы егіннің шығымдылығы жақсы болуына жиі жауған жаңбырдың көп көмегі болды. Алайда, маусым, шілде айларында күндіз де, түнде де суық болды. Егер күн райы ыстық болғанда өнімді бұдан да жоғары алуға болатын еді. Алайда, бұған да шүкір! Осы жылғы Аманкелді астығының шығымдылығы аудан халқын да қуандырып отыр. Себебі, дихандар ұлт-азаттық көтерілісінің 100 жылдығын атап өтуге байланысты аудан әкімі және «Аманкелді» қорымен меморандумға отырып, тиісті қаржы аударуға келіскен еді. Сол қаржыны біз де уақытында аударып бердік. Дихандарымыз бен жүргізушілеріміздің көңіл-күйлері



жоғары. Алла амандығын беріп, жауын-шашын болмаса, ұлт-азаттық көтерілістің 100 жылдығын атап өтер күні науқанды аяқтайтын боламыз! - дейді Шалабай шат-шадыман көңілмен.

«Жақсыны білмек үшін» деген ғой. Серіктестіктің жатақханаларына соғып, көріп, одан қырманға бардық. Айтса айтқандай мұнда да еңбек көрігі қыза түскен. Қырманшылар астықты ұшырып, тазалап, қоймаларға кіргізуде. Дән тиіп алып, егінжай басынан келіп жатқан автокөліктер де аз емес екен. Жердің шаңын аспанға көтеріп, үш тіркемемен келіп жатқан КамАЗ-дардың қораптары толған алтын дән.

Енді жатақхана қасындағы асханаға соқтық. Іші жайнап тұр. Столдар мен орындықтар да жап-жаңа! Жұмысшылар кезекпен келіп, ауқаттанып кетіп жатыр. Ас-ауқаттары жөнінде сұрағанымызда бәрі де «Өте жақсы» деді. Жатақханалардың іші де тап-таза. Төсек-орындары да сондай! Комбайншылар мен жүргізушілер жұмыс аяқталған соң моншаға түсіп, сосын барып демалады екен.

Ендігі кезекте Ғалымжан Шайхиннің, Жандос Нәменовтің, Виктор Кравецтің егінжайларына соқтық. Оларда да сол «Нұрай-Н» серіктестігінде секілді қызған еңбек. Дихандардың бәрі жанталас үстінде. Бәрінің де ниеті бітік өскен егінді төкпей-шашпай жинап алуға ауған. Қайсысымен сөйлескен де «Құдай берген биылғы егінді ысырапсыз жинап алсақ, жақсы болар еді» дейді. Шындығы да осы емес пе?!

Тәңірі соңғы жылдары Аманкелді ауданына бар жақсылы-



ғын беріп тұр. Қандай қуаңшылықты жылдың өзінде аудан дихандары әр гектар егістік жерден 9 центнерден кем астық жинап көрген жоқ. Ең бастысы аудан дихандары қолда барды ұқсатып, жұмыс жасай біледі. Әсіресе, жермен жұмыс істеуде іс-тәжірибелері молықты. Жерді баптап, күтіп жүрген барлық дихандардың жыл сайынғы алатын өнімі жақсы болып келеді.

Алдымызда - Аксай ауылдық округі! Бұл - бұрынғы «Бүйректал», «Рассвет» совхоздарының жері. Мұнда «ЖеңісБЕК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі егін егеді. Серіктестік директоры Мүбәрәк Сәндібекұлы Шаяхметов Үштоғайдағы қырман басынан кездесті. Осы жерде ол биіктігі 8 метр, ұзындығы 48 метр, ені 24 метр, сыйымдылығы 5 000 тонналық қойма салып жатыр екен. Құрылыс жұмыстары бітуге таяп қалыпты.

- Журналист бауырлар, жақсы келдіңіздер! Мен сіздерге алдымен егінжайымды аралатып көрсетейін. Көздеріңізбен көріңіздер. Астықтың биылғы жылғы шығымдылығы өте жақсы! Әсіресе, көршілес Акмола облысының Жарқайың ауданының шекарасына таяған сайын егін шығымдылығы жоғарылай береді. Ал кеттік! - делі Мүбәрәк Сәндібекұлы.

Қай жағымызға қарасақ та қанасына сыймас мелдектеп өскен алтын дән көрінеді. Әрбірі баданадай-баданадай. Сапсары алтындай болып сарғайып піскен егістік алқабының шетіне көз жетпейді. Сонда да көзінді алмай қарай бергің келеді. Өйткені бұл маннан - молшылықтың, байлықтың, алтын дәннің иісі аңқиды. Егін әрі биік, әрі бітік. Самал желмен шайқалғанда біртүрлі өзгеше сұлулық көз тартады.

Мүбәрәк әңгіме айтып келеді. Біз болсақ оны тыңдап отырмыз.

- Аманкелді ауданы үшін биылғы жыл - ең жақсы жылдың бірі болып отыр! Әсіресе, егін-шөбіміз бітік болды. Биыл егін салғаннан кейін жаңбыр жақсы жауды. Әсіресе, керек кезінде ақ жауын бабымен жауғанын айтыңыздаршы, шіркін! Егін орағы басталғанша қолдағы малға 1,5-2 жылдық жемшөп қорын жасап алдық. Оларды тасып, маялап үйіп қойдық. Енді міне, егінді бастап кеттік. Алғашқы нәтиже жаман емес. Әр гектар егіндік жерден 10-12 центнерден астық жинап жатырмыз. Меморандум бойынша қорға беретін ақшамызды қыркүйектің 1-не дейін аударып жібердік. Астық жинау аяқталған соң Ақтөбе облысына барып, асыл тұқымды қой сатып әкелмекпін. Жалпы, жағдайымыз жақсы. Комбайншыларымыз мен механизаторларымыз дән ризамын! Мамандарым да бір үйдің баласындай ынтымақ-бірлікпен жұмыс жасап жатыр. Алла қаласа, уәдемізден шығатын боламыз! - деді аузы ауыр Мүбәрәк Сәндібекұлы.

Біз оның қай уақытта болсын айтқан сөзінде тұрып келе жатқанын көп жылдардан бері жақсы білгендіктен: лайымда солай болсын! - дестік.

Бұл өзі аз сөйлеп, көп тындайтын азамат. Аузы қашанда саран. Бірақ, шаруаға өте мығым. Астық өсірумен қатар, қой, ірі қара және жылқы шаруашылығын да дамытып келеді. Ұжымдастары арасында сыйлы да беделді. Қарауындағы адамдарға жақсы жағдайды жасап жүрген басшы азаматтың бірі.

- Мүбәрәк ауданымыздың ғана емес, облысымыздың бетке ұстар іскер азаматтарының бірі. Биыл 12 000 гектарға бидай



септі. Аудан орталығынан «XXI ғасыр» атты наубайхана және «Наргиз» атты мейрамхана ашып қойған. Олардың қызығын аудан халқы көріп отыр. Егін шаруашылығын да жақсы дамытып келеді. Алдағы екі-үш жылда Үштоғай ауылдық округінің орталығынан балалар мен жастарға арнап стадион саламын деген ойы бар. Қолынан келгенше халықтан көмегін аямайды. Тұрғындарға көктем мен күзде күл-қоқыстарын төгуге арнайы техника бөледі. Олардың малдарына қажетті жем-шөпті тасып беруге де аянбайды. Жыл сайын 1,5-2 жылдық жемшөп қорын жасайды. Осыдан 2 жыл бұрын Үштоғай және Степняк ауылдарында жеке тұрғындардың малдарына түсірген шөптері бітіп қалып, қатты қиналды. Не істерін білмей тұрған оларға Мүбәрәк көмек қолын созды. Өзінің техникасымен көкпенбек көк шөпті қалағандарынша әр үйге түсіріп берді. Әрине, ақысына. Қысылған кезде бұлай көмек жасау кез-келген серіктестік директорының қолынан келе бермейді. Мүбәрәк - мәтқама. Барлық нәрсені жете ойлайды. Сондықтан да ол опық жемейді. Шаруасын қай салада болмасын дөңгелетіп келеді, - дейді ол туралы аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі ММ басшысының орынбасары Жұмабек Әубәкір.

Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы, облысымыздың 80 жылдығы және ұлт-азаттық көтерілістердің 100 жылдық торқалы тойлары өтетін мерекелі жыл - аманкелділіктер үшін айтса-айтқандай табысты жыл болып тұр! Аудан мал шаруашылығы қызметкерлері 135 300 тонна 1,5 жылдық жемшөп қорын ерте жасап алды. Енді міне, астық жинау науқанын да табысты



өткізіп келеді. Қазірдің өзінде аудандағы егіндік жердің тең жартысы орылып, бастырылып, ойғағдай өнім алынып отыр. Соңғы нәтижені уақыт көрсетеді. Енді санаулы күндерден соң дихандар егін орағын аяқтайтын болады. Бұл да - мерекелер тоғысқан жылға жақсы бір тарту болмақ!

Ия, Аманкелді астығы - Қостанай өңіріндегі ең қатты, ең сапалы астық болып саналады. Ежелден солай! Өлі де солай! Демек, құнарлы астыққа қашан да сұраныс жоғары. Сондықтан да, Аманкелді астығы бағалы.

Өз тілшіміз.

Суреттерде: «ЖеңісБЕК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Мүбәрәк Шаяхметов және оның қырманында үйілген дән; «Нұрай-Н» ЖШС бас агрономы Шалабай Молдыбаев шабылған егінжай ортасында; осы серіктестіктің жатақханасы мен моншасы; «Шайхин» шаруа қожалығының төрағасы Ғалымжан Шайхиннің егінжайындағы астық орып келе жатқан «Джон-Дир» комбайны.

Суреттерді түсірген Әнет ЖҰМАБЕК.

«Бірінші студия» телебағдарламасында



2016 жылдың 24 тамызында «Қазақстан-Қостанай» облыстық телеарнасындағы «Бірінші студия» бағдарламасында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің

Қостанай облысы бойынша Департаментінің басшысы Берген Беспалинов катысты. «Бірінші студия» телебағдарламасы диалог форматында тікелей жұмыс істейтін аналитикалық теле-

дидар шоу. Бағдарлама барысында студия қонағы еліміздегі мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы жаңадан қабылданған заңдарға, соның ішінде мемлекеттік қызметкерлер

Әдеп кодексіне тоқталып кетті. Сонымен қатар Берген Беспалинов мемлекеттік қызметшілермен кодексті қатаң сақтау және мемлекеттік қызметшілерге деген сенім арттыруда мемлекеттік аппараттың қалыптасуына шешуші тетіктерінің бірі болып табылатынына тоқталып өтті.

Департамент басшысының айтуынша, бүгінде мақсатты топтары үшін арнайы оқыту бағдарламалары арқылы білім беруді іске асыру, жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдармен өзара іс-қимылды нығайту маңызы зор болып табылады.

Диас АХМЕТЖАНОВ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаментінің сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басқармасының бас маманы

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг бойынша тәжірибелік ұсыныстар» тақырыбындағы дөңгелек үстел

2016 жылғы 18 тамызында Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын түсіндіру мақсатында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаменті квазимемлекеттік секторындағы денсаулық сақтау саласы қызметкерлеріне «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг бойынша тәжірибелік ұсыныстар» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.

Аталған іс-шарада сыбайлас жемқорлықты алдын алу басқармасының бас мамандары А.М. Шабденова және Г.С. Мұхамбетова сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мәселелері талқылады және сұрақтарға жауап берді.

А.ШАБДЕНОВА,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаментінің сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басқармасының бас маманы

«ҚОСТАНАЙДА КЕЗЕКТІ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫ ӨТТІ»

Үстіміздегі жылдың 17 маусымда ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаментінде кезекті Әдеп жөніндегі кеңес отырысы өтті.

Отырыс барысында Ұзынкөл ауданының мемлекеттік мекемелерімен 2015-2025 жылдарға арналған Жемқорлыққа қарсы стратегияның орындалуы және Қостанай облысының тұрғын үй-коммуналдық қызмет көрсету саласындағы мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заң бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі жұмыстың қорытындысы туралы мәселелері қарастырылды. Бұл тақырыпқа Ұзынкөл ауданының әкімі Қ.М.Сарсембаев және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Х.Ж. Қамбаров есеп берді.

Сонымен қатар отырыс барысында Әуликөл ауданының Құсмұрын ауылының әкімі Ж.С.Ысқақовтың тәртіптік ісіне тоқталды.

Осылайша, 2016 жылғы 30 наурызында Әуликөл ауданының Құсмұрын ауылында Ж.С.Ысқақов Қазақстан Республикасының жол қозғалысы ережелерін бұза отырып, мас күйінде автокөлік жүргізді, осылайша Әдеп кодексінің бұзушылығын жасады.

Әдеп жөніндегі кеңес отырысының қарауы бойынша Әуликөл ауданының әкімі Ж.Қ.Тауеновке Құсмұрын ауылының әкімі Ж.С. Ысқақовты мемлекеттік қызметшісін қызметіне толық сәйкес еместігі түрінде тәртіптік әрекетке ескерту ұсынылды.

Әдеп жөніндегі кеңестің регламентіне сәйкес хатшылық басшысы А.Б.Ескендіров кездесу қатысушыларына мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтар тәртіптік құқық бұзушылық жасауының жеңілдету себептері мен жағдайларын талдау нәтижелері бойынша Әдеп жөніндегі кеңеспен қарастырылған істер қорытындылары туралы ақпарат берді.

Д.АХМЕТЖАНОВ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаментінің сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басқармасының бас маманы

«МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ АРДАГЕРЛЕРІ МЕН ЖАС МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР АРАСЫНДАҒЫ КӨПР»

2016 жылдың 24 тамызында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаментінде мемлекеттік қызмет ардагерлері мен мемлекеттік қызметке тұңғыш рет түскен мамандар арасында диалогтық алаңша өтті.

Жас мамандар еліміздің әділет министрлігінің вице-министрі болған, Сенат және Мәжіліс Парламентінің депутаты С.М.Жалыбин сияқты және Амангелді райисполком халық депутаттарының төрағасы қызметін атқарған М.А.Қасымов, Ішкі саясат басқармасының басшыларының бірі болған Т.С. Жақыпова және Қостанай қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ю.А.Харьяков сияқты тұлғалармен пікір алмасып, өмірлік және қызметтік біліктілігін ортаға салды. Осылайша мемлекеттік қызметте тәжірибесі мол тұлғалардың өмір жолы жас мамандарға үлкен әсер тигізді.

Кездесу барысында ардагерлер жастарға өз талап-тілектерін білдіріп, келешекте қызметте адал еңбек етуді тіледі.

Қорытындысында департамент басшысы Берген Беспалинов кездесуге қатысушыларға, мемлекеттік қызмет ардагерлеріне алғыс білдіріп, еліміздің дамып, көркеюіне үлкен үлес қосқандығын ерекше атап кетті.

О.МУСТАФИНА,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаментінің сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу басқармасының жетекші маманы

«НҰР ОТАН» ПАРТИЯСЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУЫНДА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ

2016 жылдың 24 тамызында «Нұр Отан» партиясының Қостанай облыстық филиалының қоғамдық қабылдауында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департамент басшысы, Әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы Берген Беспалинов жеке сұрақтар бойынша азаматтарды қабылдау өткізді.

Осылайша, Қостанай қаласының тұрғыны А. Молжігітов білім беру мекемелерінде репититорлық қызметтің, қосымша сабақ беру бойынша төлем ақы



төлеудің заңға сәйкестігі туралы, сонымен қатар оқушылардың мұғалімдерге сыйлық тарту бойынша

заңдылығы туралы сауал қойды.

Мемлекеттік қызметке түру бойынша кеңес алу және түсу

тәртібін ұғындыру мәселесі бойынша департамент басшысына Қ.Шымырбеков сауал жолдады.

Қорытындысында Берген Беспалинов қойылған сауалдарға толықтай жауап беріп жеке үндеулер бақылауда болатынын айтып кетті.

Диас АХМЕТЖАНОВ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаментінің сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басқармасының бас маманы

«Мемлекеттік қызмет және кәсіби әдеп ережелерінің қазақстандық моделі» атты ғылыми-іс тәжірибелік конференциясы



Үстіміздегі жылдың 25 тамызында ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаментінің бастамасымен Қостанай филиалының Челябинск мемлекеттік университетінің конференция залында «Мемлекеттік қызмет және кәсіби әдеп ережелерінің қазақстандық моделі» тақырыбына департамент басшысы, Әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы Беспалинов Б.М. басшылығымен ғылыми-іс тәжірибелік конференциясы өтті.

Конференция жұмысына мемлекеттік органдарының және ұйымдарының, қоғамдық және үкіметтік емес ұйымдарының, жастар секторының және облыстағы жоғары оқу орындарының профессорлық-оқытушылық құрамдарының өкілдері, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Осылайша, өз баяндамасында профессор, заң ғылымдарының кандидаты, Оксфорд Академиялық одағының мүшесі Ә.Б.Бекмағамбетов мемлекеттік қызметті жаңғырту контекстінде Қазақстанда әдеп заңнамасының өзекті мәселелері туралы әңгімеледі. «Қазақстанның қазіргі заманғы даму контекстінде мемлекеттік қызметтің мазмұны туралы» тақырыбына Т.С. Жақыпова, философия ғылымының кандидаты тоқталып өтті.

Мемлекеттік қызметтің қазақстандық моделі және кәсіби әдеп ережелері туралы Э.Н. Попова, Қостанай облысы әкімі аппаратының кадрлық қызмет бөлімінің басшысы айтты.

Конференция соңында тараптар бұдан ары мемлекеттік қызметті жетілдіру және оларды тәжірибеде іске асыру мақсатында ҚР заңнамаларына өзгерістер енгізуге қатысты өздерінің ұсыныстарын білдірді.

Диас АХМЕТЖАНОВ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаментінің сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басқармасының бас маманы

«КОНСТИТУЦИЯ – МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚОҒАМНЫҢ ТҰРАҚТЫ ЖӘНЕ СЕРПІНДІ ДАМУДЫҢ НЕГІЗІ»

2016 жылдың 26 тамызында Қостанайда Қазақстан Республикасының Конституция күніне арналған ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Аталмыш шара ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департамент басшысы Берген Беспалиновтың және ҚР Праламентінің Сенат депутаты Серік Бектұрғанов төрағалығымен өтті. Сонымен қатар шараға саяси партиялар, мемлекеттік қызмет ардагерлері, облыстық жоғары оқу орындарының профессорлық-оқытушы құрамы, мемлекеттік органдар, мемлекеттік емес ұйымдар, квазимемлекеттік сектор және бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері қатысты.

Конференцияның негізгі тақырыбы Қазақстан Республикасы Конституциясы күніне арналған «Ата Заң – құқықтық мемлекет

қалыптастыру жолын белгілеген Қазақстан халқының тарихи тандауы». Сонымен қатар іс-шара барысында конференцияға қатысушылар Қазақстандық конституционализмнің ерекшеліктері, Қазақстандық Конституциясының эволюциясы мен ерекшеліктері тақырыптарын ортаға салды.

Конференция таяуында сенатор Серік Бектұрғанов Конституциямзға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар бойынша хабардар етіп қатысушылар жолдаған сауалдарға жауап берді.

Диас АХМЕТЖАНОВ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаментінің сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басқармасының бас маманы

АМАНКЕЛДІ АРАЙЫ

Бас редакторы - Х.Қ.МҰСАБАЕВ

Меншік иесі: «Аманкелді арайы» газеті редакциясы ЖҚ. Газет 2016 жылдың 15 ақпаны күні Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі мемлекеттік кірістер комитетінде тіркеуден өткізіліп, серия 3920 №0000415 куәлігі берілді. Редакция оқырман хаттарына, жарнама мен хабарландырудың мәтініне жауап бермейді, оларды қайтармайды. Газетте жарияланған автор пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Аптасына 1 - рет шығады. Көлемі екі баспа табак. Таралымы - 1800 дана. Тапсырыс - 1838

Тарихи анықтама: газет 1935 жылдың 15 маусымынан бастап шығады. Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді.

«Аманкелді арайында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өзгертіп, сілтемесіз басуға болмайды.

Мекен-жайымыз: Аманкелді селосы, Б.Майлин көшесі 14, 2 - қабат, 201 - 202 бөлмелер. Телефондар: (8714-40) 2-38-10, 2-10-57

Газет Қостанай қаласы, С.Мәуленов көшесі №16, «Қостанай-полиграфия» ЖШС баспаханасында басылды.